

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мемлекеттік мекемелерін қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 811 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қарағай" республикалық оңалту орталығы" мемлекеттік мекемесі ;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің "Балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық оңалту орталығы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) мемлекеттік мекемелерді әділет органдарына қайта тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен;

2) (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен) .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі